



Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 19 тамыз N 1199

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1999 жылғы 3 маусымда Минск қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі беларусь жағын

Қазақстан Республикасы Үкіметі қабылдаған шешім туралы хабардар етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының
Үкіметі арасындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы
Келісім

ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 2000 ж., N 6, 65-құжат.
1999 жылғы 17 қарашада күшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж.,
Арнайы шығарылым N 2, 2000 жылғы қыркүйек, 80 бет

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Беларусь Республикасының Үкіметі,

Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы арасындағы тарихи
қалыптасқан ғылыми-техникалық байланыстарды ескере отырып,
екі ел арасындағы ғылым мен техника саласындағы ынтымақтастықты дамыту және
нығайтуды, сөйтіп екі елдің экономикалық және әлеуметтік дамуына үлес қосуды қалай
отырып,

ғылым саласындағы ынтымақтастық туралы бұрын қол қойылған келісімдерді басшылыққа ала отырып, оның ішінде:

1995 жылғы 3 қазандағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы

мемлекеттердің ортақ ғылыми-технологиялық кеңістігін құру туралы келісім;

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы 1996 жылғы 17 қаңтардағы мәдениет, ғылым және білім саласындағы ынтымақтастық туралы Келісім арқылы

Төмендегілер жөнінде уағдаласты:

1-Бап

Тараптар тең құқықтық және өзара тиімді принциптер негізінде ғылыми-техникалық ынтымақтастыққа жәрдемдеседі, оған тиісті ұйымдық, құқықтық және қаржы-экономикалық жағдайлар жасайды.

2-Бап

Осы Келісім аясындағы ынтымақтастық екі елдің заңдары мен Тараптар жасасқан шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

3-Бап

Бірлескен ғылыми-техникалық жұмыстардың бастамашылары министрліктер мен басқа да орталық басқару органдары, ғылыми ұйымдар, әр түрлі меншік нысанындағы кәсіпорындар, жоғары оқу орындары, екі ел ғалымдары болуы мүмкін.

Ынтымақтастықтың мазмұны, оның экономикалық және ұйымдастыру жағдайлары тікелей Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасының ынтымақтас ұйымдары арасында жеке келісімдер, шарттар және контракттарға сүйене отырып келісіледі.

4- Бап

Ынтымақтастық мына нысандарда іске асырылады:

екі елдің ғылыми-техникалық саясатын қалыптастыру және жүзеге асыру жөнінде консультациялар өткізу;

бірлескен ғылыми-зерттеу бағдарламалары мен жобаларын орындау;

біріккен ғылыми-зерттеу ұйымдарын құру, бірлескен уақытша ғылыми ұжымдар, сондай-ақ жаңа техника мен технологияны игеруді қамтамасыз ететін инновациялық кәсіпорындар ұйымдастыру;

екінші Жақтың ғылыми-зерттеу мекемелерінде жоғары оқу орындарында,

технопарктерінде, өнеркәсіп кәсіпорындарында, бірлескен далалық зерттеулер мен экспедицияларды қоса алғанда ғылыми жұмыстар жүргізу;

Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасында орындалып жатқан ғылыми-техникалық әзірлемелерге өзге Жақтың ғалымдары мен мамандарының қатысуы;

бірлескен семинарлар, ғылыми конференциялар, жұмыс бойынша кездесулер мен көрмелер өткізу.

Ынтымақтастық басқа да өзара келісілген нысанда жүзеге асырылуы мүмкін.

5-Бап

Тараптар екі елдің де ғалымдарын бірегей және жаңа эксперименталды құрал жабдықтарды пайдалануға, сондай-ақ оны дайындау, шығару және сатып алуға бірлесуге қол жеткізуді қамтамасыз етуге көмектеседі.

6-Бап

Ғалымдар мен мамандар екі ел аумағында болғанда да Тараптар қолайлы жағдайлар туғызуға, бірлескен зерттеулер және әзірлемелерді орындауда ғылыми-техникалық құжаттамамен, ғылыми құралдар мен жабдықтар алмасуға мүмкіндік жасайды.

7-Бап

Тараптар ғылыми-техникалық ақпарат саласында ынтымақтастықты дамытады, ғылыми-техникалық және ғылыми-көпшілік әдебиетпен алмасуға қолғабыс етеді.

8-Бап

Ынтымақтастықты жүзеге асыру үшін үшінші елдер мен халықаралық ұйымдардан ұйымдар, мекемелер, ғалымдар, мамандар және сарапшылар шақырылуы мүмкін.

9-Бап

Нәтижесі түгелдей не жарым-жартылай мемлекеттік құпия болып саналатын, болмаса тараптардың бірінің мемлекеттік құпиясынан тұратын мәліметтер пайдаланылған бірлескен зерттеулер мен әзірлемелерді жүргізуде Тараптар осы елдердің әрқайсысының қолданылып жүрген ұлттық заңдарын, сондай-ақ мемлекетаралық құпияларды сақтауды өзара қамтамасыз ету туралы 1993 жылғы 22 қаңтардағы Келісімді басшылыққа алады.

10 -Бап

Бірлескен зерттеулер мен әзірлемелерді үйлестіру, сондай-ақ осы Келісімді тиімді түрде іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында Тараптар Ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-беларусь комиссиясын (бұдан әрі - Комиссия) құрады, оны Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің, сондай-ақ Беларусь Республикасының Ғылым және технологиялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің басшылары басқарады.

Комиссия шеңберінде екі елдің мемлекеттік ғылыми-техникалық саясатының, осы саладағы экономикалық және құқықтық реттеудің мәселелері бойынша консультациялар өткізілетін болады, сондай-ақ екі жақты ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың басым бағыттарын келісу жүзеге

асырылатын болады.

Комиссия оралымдылық пен тиімділік талаптарына сай келетін ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың әр түрлі ұйымдық үлгілерін пайдалана алады.

Комиссия өз мәжілістерін жылына бір рет Қазақстан мен Беларусьте кезекпе-кезек өткізіп отырады.

Комиссия өз қызметін ұйымдастыру үшін тиісті ереже әзірлеп, оны

бекітеді.

11 - Бап

Осы Келісім тараптар жасасқан өзге халықаралық шарттардан туындайтын құқықтар мен міндеттемелерін қозғамайды.

12- Бап

Өзара уағдаластық бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын тиісті хаттамалармен рәсімделеді.

13-Бап

Осы Келісімді қолдану мен түсіндіруге байланысты даулы мәселелер консультациялар және келіссөздер жолымен шешіледі.

14-Бап

Осы Келісім Тараптар жағынан қажетті ішкі мемлекеттік процедуралардың орындалуы жөнінде соңғы хабарламаны алған соң күшіне енеді.

Осы Келісім бес жыл бойы қолданыста болады және Тараптардың бірде бірі екінші Тарапты осы Келісім қолданысының тиісті мерзімі аяқталғанға дейін алты ай бұрын осы Келісімнің қолданысын тоқтату ниеті туралы екінші Тарапқа хабарламаған жағдайда аталған мерзім өтісімен өздігінен келесі бес жылға ұзартылады.

Осы Келісімнің қолданысын тоқтату оған сәйкес іске асырылатын жобалардың жүзеге асырылуына ықпал етпейді.

Минск қаласында 1999 жылғы маусымның 3 күнінде әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі дана болып жасалды және де екі мәтіннің күші бірдей. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде пікір алшақтығы туындаса орыс тіліндегі мәтін негізге алынады.

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Мамандар:

Омарбекова А.

Нарбаев Е.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК